

Юбилейные даты

**Биология ғылымдарының докторы, профессор,
Россия Жаратылыстану Академиясының корреспондент мүшесі
ЖАЙЛЫБАЙ КЕЛІС НҰРМАШҰЛЫ – 80 жаста**



Биология ғылымдарының докторы (1998 ж.), профессор (2002 ж.), Россия Жаратылыстану Академиясының корреспондент-мүшесі (2016 ж.), Европа Жаратылыстану Академиясының толық мүшесі (Academy of Natural History. Certificate № S 0149. This Certificate is proudly presented to *Jailibay Kelis Nurmashuly* International Academy of Natural History Full Member (2016).

К. Н. Жайлыбай 1936 жылы 1 наурыз күні Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Еңбекші» аулында дүниеге келген.

1961 жылы ол Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы КазМУ) биология-топырақтану факультетін «*өсімдіктер физиологиясы*» мамандығы бойынша бітірген. 1961–1969 жылдары Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу (ҒЗ) институтының өсімдіктер физиологиясы лабораториясының ғылыми қызметкері.

1969–1998 жылдары ол Ы. Жақаев атындағы Күріш шаруашылығы ҒЗ институтының физиология лабораториясының аға ғылыми қызметкері, лаборатория меңгерушісі. 1998–2004 жылдары осы институттың «Селекция» және «Технология» бөлімінің аға ғылыми қызметкері. 1997 жылы «Фотосинтетические и морфофизиологические основы продуктивности риса» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

1992–2004 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, профессоры.

2004 жылдан осы кезге дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің «Биология», «Экология» кафедрасының профессоры, 2015 жылдан Орталық Азия университетінің профессоры. Педагогикалық жұмыста жоғары білімді маман – лектор екенін көрсетті, дәрістерін терең ғылыми-теориялық деңгейде қазақ және орыс тілінде жүргізеді.

К. Н. Жайлыбай белгілі күрішші ғалым, өсімдіктер физиологиясы, агрономия, ботаника, экология саласының маманы. Арал өңіріндегі негізгі астық дақылдары: күріш, бидай, арпа, сұлы дақылдарының фотосинтезін, морфофизиологиясын, анатомиясын терең зерттеу нәтижесінде:

а) өсімдіктердің фотосинтетикалық өнімділігі теориясын күріш мысалында одан әрі дамытты және ең жоғары әрі сапалы дән өнімінің қалыптасу теориясын тұжырымдады;

б) ең жоғары дән өнімін беретін күріш, бидай, арпа, сұлы, түйежоңышқа агроценоздарының (егістіктерінің) параметрлерін анықтап, моделін жасап шығарды;

в) күріштің жоғары өнімді сорттық үлгілерін бағалап сұрыптайтын жаңа морфофизиологиялық әдістемелерін жасап шығарды және олар Қазақстан Республикасы патенттерімен қорғалған;

г) тұзданған жерлерде күріш өсірудің сорттық жаңа жетілдірілген технологиясын тұжырымдап, өндіріске енгізді. Бұл жаңа технология Қазақстан Республикасы патентімен (№ 9029) қорғалған;

д) Арал өңіріндегі суармалы егіншілік жағдайында ерте дәнді дақылдарды (бидай, арпа, сұлы) өсіру технологиясын жетілдіріп, өндіріске енгізілді

е) Астана маңында ағашты өсімдіктерді өсіріп, орман жасатқан және қаланың, елдің экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың идеясын жүзеге асыруда профессор К. Н. Жайлыбай бастамашы болып, күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін арша, емен, акация, үйеңкі, бозарша (туя), бозарша, сирень өсірудің ең арзан әдістемесін дайындап, мектептерде өсіруде (Алматы ақшамы, № 13, 26.01, 2012 ж.).

Профессор К. Н. Жайлыбайдың басшылығымен 2 ғылым докторы, 1 магистр дайындалды. Республикалық, шетелдік журналдарда, ағымдық басылымдарда 405 ғылыми еңбегі жарияланды, соның ішінде 6 монография, 2 оқулық, 7 оқу құралы, 12 кітапша (брошюра), күріш және ерте дәнді дақылдар егіншілігі өндірісіне 15 ұсыныс, өнертабысқа берілген 3 патенті бар. Олар өндірісте енгізілген. Оның монографиялық еңбектерінің мазмұны, ғылыми зерттеу нәтижелері, өнертабыс және өндіріске ұсыныстары Республикалық және халықаралық конференцияларда баяндалып талқыланды.

Марапаттаулар және жетістіктер:

1. «Қазақстан агроөндірістік кешені саласында ең көп оқылатын авторлар» номинациясы бойынша «Парасат» сыйлығының III дәрежелі дипломымен (30.10.2009 ж.);

2. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті бойынша 2011 жылдың «Үздік ғалым» номинациясының III дәрежелі дипломымен;

3. Қызылорда облысы Шиелі ауданының экономикасына елеулі үлес қосқаны үшін «Ыбырай Жақаев – 120 жыл» мерекелік медалімен марапатталған (2011 ж.);

4. Российская Академия Естествознания присвоил *Жайлыбаю Келису Нурмашулы* ученое звание *члена-корреспондента Академии*, диплом № 8668 от 25.02.2016 г.

5. Решением Президиума Российской Академии Естествознания *Жайлыбаю Келису Нурмашулы* присвоено почетное звание “*Заслуженный деятель науки и образования*”. Удостоверение № 01754, протокол № 560 от 25.02.2016 (Сертификат № 01754).

6. Решением (22.12.2015 г.) Президиума Российской Академии Естествознания за выдающийся вклад в развитие биологической науки, генетики, селекции и растениеводства *Жайлыбай Келис Нурмашулы* награжден медалью им. *Н.И.Вавилова*; Удостоверение № 1082, Протокол № 560 (Сертификат № 01229, 22.02.2015 г.).

7. Решением Президиума Российской Академии Естествознания *Жайлыбай Келис Нурмашулы* награжден медалью имени *В.И.Вернадского* за успехи в развитии отечественной науки; Удостоверение № 2024, Протокол № 560 от 25.02.2016.

8. Решением Президиума Российской Академии Естествознания *Жайлыбаю Келису Нурмашулы* присвоено почетное звание “*Заслуженный деятель науки и техник*”. Сертификат № ЗДНТ 0136 (0286).

9. Российской Академии Естествознания награждает *Келис Нурмашулы Жайлыбай* орденом *Екатерины Великой* за служение науке и просвещению. Сертификат EG 210 25.02.2016.

10. Российская Академия Естествознания награждает *Келис Нурмашулы Жайлыбай* орденом *Александра Великой* за научные победы и свершения. Сертификат AG 676. 25.02.2016.

11. Academy of Natural History. Certificate № S 0149. This Certificate is proudly presented to *Jailibay Kelis Nurmashuli* International Academy of Natural History Full Member. (2016.02.25).

12. European Scientific and Industrial Consortium *Jailibay Kelis* Awarded the Gold medal of the “*European Quality*” № 627 (2016).

13. European Scientific and Industrial Consortium. *Labore et Scientia* Жайлыбай Келис Нурмашулы 25.02.2016 награждается орденом “*Labore et Scientia*”- Трудом и знанием. Удостоверение № 594 (693).

14. European Scientific and Industrial Consortium. *Primus Inter Pares*. Жайлыбай Келис Нурмашулы 25.02.2016 награждается орденом “*Primus Inter Pares*- Первый среди равных”. Удостоверение № 302 (501). (суретте).



Россия Жаратылыстану Академиясының Президенті М. Ю. Ледванов профессор, Академияның корреспондент-мүшесі К. Н. Жайлыбайға медалдар, ордендер, сертификаттар тапсыру сәті

Профессор К. Н. Жайлыбай Экология мамандығы бойынша 2 оқулық, 5 оқу құралын, 2 оқу әдістемелік кешенін дайындап шығарды. Қазіргі кезде осы оқу құралдарын студенттер сабақтарда пайдалануда.

Профессор К. Н. Жайлыбай педагогикалық жұмыста білікті маман – лектор екенін көрсетті, сабақтарды қазақ және орыс тілінде, терең ғылыми-теориялық деңгейде жүргізеді. Оның ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қазақстандық ауыл шаруашылық ғылымына, биология, экология ғылымдарына елеулі үлес қосуда. Сондықтан Россияның Жаратылыстану Академиясы Президиумының шешімімен (22.12.2015 ж.) биология, экология, генетика, селекция, өсімдіктер шаруашылығы ғылымдарына зор үлес қосқаны үшін *Н.И.Вавилов және В.И.Вернадский атындағы медалдерімен марапатталған*.

Қазіргі кезеңде Елорда маңында орман жасатқан *Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өнегесін, идеясын ауылдық жерлерде жүзеге асыру мақсатында* профессор К. Н. Жайлыбай Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің және Орталық Азия университетінің студенттеріне, Жамбыл, Қарасай, Еңбекшіқазақ аудандарының мектептеріндегі биология, география, экология мамандығы мұғалімдері мен оқушыларына күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өсетін емен, арша, акация, үйеңкі, туя, бозарша, сирень ағаштарын тұқымынан өсірудің ең арзан әдістемесін үйретіп, оларды жылда-жылда көптеп өсіріп, Қазақстанның экологиялық жағдайын жақсартуға, жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеуде өзіндік үлесін қосуда.

*Бәкірұлы Қ., Ы. Жақаев атындағы
Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты,
Селекция және тұқым шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі,
а.и.ғ.д., профессор*